

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Университет «Мирас»

## Университетте оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру туралы ЕРЕЖЕ

### ПОЛОЖЕНИЕ Об организации учебно-методической работы в университете

Университет ОӘК отырысында талқыланды  
Обсуждено на заседании УМС университета

Хаттама № 7; 22 ақпан 2016 ж.



Университет ҒК отырысында бекітілді  
Утверждено на заседании УС университета

Протокол № 7, «29» февраля 2016 г.



Шымкент, 2016 ж.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасымен ЖАСАЛҒАН  
ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

2016 жылдың «27» қыркүйек айы № 2 хаттамасы «Мирас» университеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен 2013-2014 оқу жылынан бастап  
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

«Мирас» университетінің оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру  
туралы Ережеде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, оқу-  
әдістемелік жұмысын ұйымдастыру және іске асырудың негізгі  
ережелері жүзеге асырылған. Ереже «Мирас» университетінде оқу-  
әдістемелік жұмысын ұйымдастырудың мазмұны мен тәртібін  
орнатады.

Аталған Ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады  
және оқу орнының оқыту қызметінде ішкі қолданыс үшін арналған.

## МАЗМҰНЫ

Қолданылу аймағы.....	4
Нормативтік сілтемелер .....	4
Негізгі терминдер және олардың анықтамалары.....	5
Оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұны.....	5
Құрылымдық бөлімшелерде оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру тәртібі.....	6
Ережені қабылдау, бекіту және өзгерту тәртібі.....	9

# Университетінде оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру туралы Ереже

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Аталған ереже Университетте оқу-әдістемелік жұмысын реттейді.

Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысы ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және дамыту, жана оқу технологияларын жасау және енгізу, Университетте педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету мақсатында іске асады.

Оқу-әдістемелік жұмысының міндеттері болып табылады:

- Оқыту бағдарламаларын іске асыруды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- Оқыту процесінің қазіргі күнде бар жаңа технологияларын, әдістерін, құралдарын және формаларын жасау, енгізу, дамыту;
- Педагогикалық қызметкерлердің шығармашылық ойлауын дамыту, біліктілігін көтерумен және кәсіби шеберлікпен қамтамасыз ету;
- Профессорлық-оқытушылар құрамының ғылыми-әдістемелік күзіретін дамыту.

Оқу-әдістемелік жұмыстың басшылығы университетте сәйкес құрылымдық бөлімшелерге жүктеледі.

«Мирас» Университетінде оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастырудың аталған ережесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылдың 27 шілдесіндегі Заңына сәйкес жасалған.

Университет өзінің оқу-әдістемелік қызметінде ҚР білім және ғылым Министрлігінің нормативтік құжаттарынан, университет қаулыларынан, Ғылыми Кеңестің шешімдерінен, ректордың бұйрықтары мен өкімдерінен, сонымен қатар осы Ережеден басшылық алады.

Университеттің факультеттері мен кафедралары өздерінің оқу-әдістемелік қызметін ұйымдастыруда осы аталған ережеден басшылық алуы керек.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Аталған ереже келесі нормативтік құжаттамалар негізінде жасалған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 27 шілде 2007 ж., № 319-III ЗРК.
- Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамыр айындағы № 499 қаулысы. Жоғарғы білім беру ұйымының қызметін ұйымдастырудың типтік ережелері.
- Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамыр айындағы № 499 қаулысы. Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім ұйымының қызметін ұйымдастырудың типтік ережелері.
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылдың 20 сәуіріндегі № 152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережелері.
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің 17.06.2011 жылдың № 261 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты. Жоғарғы білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер. ҚР МЖМБС. 5.04.019-2011.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012 жылдың № 1080 қаулысы. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғарғы білім стандарты.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012 жылдың № 1080 қаулысы. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім стандарты.
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің «Сырттай, кешкі оқу бөлімдерінде және экстернат формасында алуға рұқсат етілмейтін мамандықтар мен кәсіптер тізімін бекіту туралы» және «Жоғары білім беретін білім ұйымдарында экстернат оқу формасында оқуға рұқсат беру бойынша Нұсқаулықтар» 2010 жылдың 8 ақпан айының № 40 Заңдары;
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің 2007 жылдың 29 қарашасындағы № 583 бұйрығы. Оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру және іске асыру ережелері.

### 3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

**Әдіскер** – оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысын орындайтын білім ұйымының педагогикалық қызметкері (жоғары оқу орындарынан басқа);

**Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес** – білім ұйымының оқу-әдістемелік жұмысын ұжымдық басқару формасы;

**Әдістемелік кабинет** – ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысына басшылық ету бойынша облыстық (қалалық) департаменттің, білім ұйымының құрылымдық бөлімшесі;

**Оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор** – білім ұйымының оқу-әдістемелік жұмысына тікелей жетекшілік ететін басшы лауазымы;

**Оқу-әдістемелік басқармасы (ОӘБ)** – Оқу орнының оқыту процесінде оқу және әдістемелік бағытты ұйымдастыру және реттеу қызметімен айналысатын университеттің құрылымдық бөлімшесі;

**Оқу-әдістемелік жұмыс** – бұл білім алушылардың тәрбие және даму мақсатына жету үшін оқыту процесін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-материалдық нысандарымен қамтамасыз ету бойынша білім ұйымының қызметі.

#### 4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Университеттегі оқу-әдістемелік жұмысы келесі бағыттардан тұрады:

1. Білімнің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибесін және ақпараттануын жалпыландыру және тарату бойынша іс-шараларды өткізу;
2. Оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастырудың білім алушының ағымдағы оқу-үлгеріміне әсер етуін талдау;
3. Білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуін жасау;
4. Білім алушылар контингентін, олардың бейінін, дайындық деңгейі мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жыл сайынғы қалыптастыру бойынша жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді жасау;
5. Оқыту процесінің оқу әдебиетімен және ғылыми-әдістемелік жасаулармен қамтамасыздығын бақылауды іске асыру;
6. Аймақ бойынша және жалпы ел бойынша демографиялық, экономикалық және салалық жағдайларды есепке ала отырып, оқыту процесін перспективті жоспарлауды ұйымдастыру; Оқудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша, оқу-әдістемелік құжаттарын жасау және енгізу;
7. Дайындықтың бар және перспективті бағыттары бойынша мамандарға сұраныс тапшылығын болжау үшін мәліметтер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру; Оқытудың дидактикалық-әдістемелік, оқу-материалдық тәсілдерін жасау және енгізу; Оқулықтарды, оқу, оқу-әдістемелік қосымшаларды, диссертацияларды, монографияларды, ғылыми мақалаларды, ғылыми-әдістемелік жасауларды, жобаларды талдау;
8. Оқыту процесінің оқу әдебиетімен және ғылыми-әдістемелік жасамалармен қамтамасыздығын бақылауды іске асыру;
9. Жақын мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын құрастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

Нормативтік құқықтық құжаттарды, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім мамандықтарының классификаторын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын дамыту бойынша ұсыныстар енгізу;

10. Оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдарды және оқудың автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық қамтамасыздандыру жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерін енгізу;
11. Оқу жұмыс бағдарламаларын жасау, типтік оқу бағдарламаларының жобаларын дайындауға қатысу;
12. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптарын есепке ала отырып, оқу жұмыс жоспарларын және оқу жұмыс бағдарламаларын талдау;
13. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендерін, оқу-әдістемелік қосымшаларын, сонымен қатар дидактикалық материалдарды жасау;
14. Сабақ беру сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейін талдау;  
Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды дамыту бойынша тақырыптық оқу-әдістемелік семинарларын , конференцияларын, вебинарларын, жиналыстарын ұйымдастыру және өткізу;
15. Магистранттардың дайындығын мамандықтар бойынша ұйымдастыру және іске асыру.



## **5. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

Оқу –әдістемелік жұмыс Университетте факультеттерде және кафедраларды іске асады.

Кафедралар мен факультеттер оқу-әдістемелік жұмыстарын осы аталған ереже негізінде іске асырады.

Оқу-әдістемелік басқармасы келесі оқу-әдістемелік жұмыстарын іске асырады:

- 1) Кафедралардың, факультеттердің оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысын басқару;
- 2) Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстары бойынша нормативтік құқықтық құжаттарын талдау және оларды Оқу-әдістемелік Кеңесінің қарастыру үшін ұсыну;
- 3) Оқу-тәрбие процесі, әдістемелік жұмыстың жағдайын талдау және оларды дамыту бойынша ұсыныстарды өңдеу;
- 4) Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік тауарды жариялау және таратуға талдау және ұсыну.

Университеттік оқу-әдістемелік жұмысына тікелей басшылықты оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор іске асырады.

Кафедралар мен факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарына жалпы басшылық етуді таңдаулы өкілді органдар – факультеттердің әдістемелік комиссиясы іске асырады.

Оқу-әдістемелік жұмысының ұжымдық формасы – әдістемелік семинарлар, тренингтер, шеберлік-кластар, жетекші тәжірибе мектептері, нұсқаулық-әдістемелік жиналыстар, дәрістер және конференциялар болып табылады.

Оқу-әдістемелік құжаттамалары Университеттің сәйкес құрылымдық бөлімшелерімен жасалады, Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде, факультеттің әдістемелік комиссиясында, кафедрада талқыланудан өтеді, және олардың оң қорытындысын алған соң, ректормен, университеттің оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректормен бекітіледі.

Университеттің кафедралары, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттармен, типтік оқу жоспарларымен сәйкес модульдік оқыту бағдарламаларын және оқу жұмыс жоспарларын жасайды. Оларды кафедра, әдістемелік комиссия, факультет кеңесі және оқу-әдістемелік кеңесі қарастырады, кейіннен Ғылыми кеңестің оң қорытындысын алған соң Университет ректоры бекітеді.

Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін оқытушылар типтік және оқу бағдарламаларына, элективті пәндер каталогына сәйкес жасайды, және кафедра, әдістемелік комиссия және университеттің оқу-әдістемелік кеңесі қарастырады, және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен бекітіледі.

Әдістемелік нұсқаулар және ұсыныстарды профессорлық-оқытушылар құрамы жасайды. Кафедра, факультеттің әдістемелік комиссиясы, университеттің оқу-әдістемелік кеңесі талқылауынан өтіп оң қорытынды алған соң, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен бекітіледі.

Кафедрада оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – іс-шаралар мен ұйымдасқан-әдістемелік жұмыстарды білдіреді, ол бағытталады:

- 1) Оқу процесін оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету (силлабус, бақылау-өлшеу материалдары, СӨЖ және т.б.);
- 2) Білім алушылардың аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарын дамыту;
- 3) Университетте оқу жұмысының барлық түрлерін, формаларын және әдістерін жақсарту;

Кафедрада оқу-әдістемелік жұмыстарын әрбір оқытушы индивидуалды жоспарларға сәйкес іске асырады, ал кафедра меңгерушісі және факультеттің әдістемелік комиссиясы реттейді және бақылайды.

Факультет бойынша оқу-әдістемелік жұмысын факультеттің әдістемелік комиссиясы реттейді, ол өз қызметінде оқу процесін ұйымдастыру және оны әдістемелік қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттарға сүйенеді.

Әдістемелік комиссиясының негізгі функциялары болып табылады:

1. Кафедралардың әдістемелік жұмыстарын университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесімен қабылданған университеттің әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес реттеу;
2. кафедралардың ПОӘК жасау және өзекті жағдайда сақтау бойынша жұмыстарын реттеу және бақылау;
3. жаңа оқу бағдарламаларын жасауға және оларды сәйкес мамандықтардың оқу жоспарларына қосу барысында қатысу;
4. мамандарды дайындау сапасын көтеру мақсатында пәндердің жұмыс жоспарларын келісу;
5. кафедралардың пәндердің оқу жоспарын өзгерту және оқудың жаңа формаларын енгізу бойынша ұсыныстарын зерттеу;
6. факультетте әдістемелік материалдарды баспалауды талқылау және ұсыну;
7. оқу сабақтарын өткізу және студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру сапасын бақылау;
8. кафедрадағы әдістемелік жұмыстың үздік тәжірибесін зерттеу және тарату;
9. әдістемелік жұмыстың белгілі бір түрлерін өткізу (әдістемелік семинарлар, конкурстар және т.б.).

Университет деңгейіндегі оқу-әдістемелік жұмысын Оқу-әдістемелік басқармасы және университеттің Оқу-әдістемелік кеңесі реттейді. Олар өз қызметтерінде оқу процесін ұйымдастыру және оны әдістемелік қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттармаларға сүйенеді.

Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесі келесі міндеттерді шешу үшін жасақталады:

1. университетте оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын бақылауды ұйымдастыру;
2. экспертизаны жоспарлау, ұйымдастыру және оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер, қосымшалар және басқа да Университетте баспаланатын материалдарды баспалауға ұсыну;
3. оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және дамыту;

4. оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру және дамыту бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибені жалпылау және тарату;
5. педагогикалық кадрлердің біліктілігін көтеру, қайта дайындау және аттестациялау жүйесін дамыту, оқу процесінің мазмұнын талдау;
6. оқу процесіне әдістемелік жасаулардың нәтижелерін енгізудің сапа менеджменті жүйесін дамыту бойынша ұсыныстарды дайындау;
7. университетте оқудың әдістерін, тәсілдерін, бар технологияларын дамыту және жаңаларын енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
8. оқытушылардың оқу-әдістемелік бірлестіктері шығармашылық орталығы жұмысын ұйымдастыру;
9. педагогикалық ұжымның оқу-әдістемелік құзіретін дамыту бойынша жұмысты реттеу;
10. білімді дамыту және оны іске асырудағы басым бағыттарын қалыптастыру сұрақтары бойынша ұсыныстарды жасау.

ОӘБ негізгі міндеттері болып табылады:

1. заманауи оқыту технологияларын енгізу негізінде оқыту қызметтерінің жоғары сапасын көтеруді, оқытушылардың ғылыми және педагогикалық біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету, мемлекеттік стандарт негізінде оқу процесін бірізділендіру және стандарттау;
2. мамандарды дайындау процесін басқару бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құжаттарын жүйелеу, жинақтау және жасау;
3. факультеттердің декандарымен бірлесе отырып оқу процесін ұйымдастыру;
4. педагогикалық ғылым жетістіктері негізінде оқу процесін ұйымдастыруды дамыту;
5. оқу процесі көрсеткіштерін жүйелі талдау;
6. факультет декандарымен және кафедралармен бірлесе отырып университеттің және басқа да тыс ұйымдардың базасында іс-тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізу. Іс-тәжірибелердің

тиімділігін талдау, олардың үнемділігін көтеру сызбасын жасау және жүзеге асыру;

7. оқыту процесінің оқу-әдістемелік қызметін реттейтін МЖМБС, типтік оқу жоспарлары және бағдарламалары, ережелеріне сәйкес оқу процесін ұйымдастыру және басқару;
8. оқу процесін басқаруды ақпараттандырудың кешенді бағдарламасын жасауға және іске асыруға қатысу;
9. университеттің оқытушылары мен қызметкерлерін заманауи педагогикалық инновациялармен және ақпараттық технологияларымен оқытуды ұйымдастыру;
10. оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру бойынша жұмысты реттеу;
11. оқу-әдістемелік ақпараттарды есептеу, сақтау, өңдеу, дайындау және беру;
12. университеттік оқу процесі жағдайын бағалау және басқару, оқу процесі жағдайы көрсеткіштерін есептеу және талдау;
13. оқу-әдістемелік жұмыс бойынша оқу процесін нормативтік-құқықтық базасымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
14. оқу процесінің барлық түрлерін қамтамасыз ету үшін аудиториялық қорды есептеу және бөлу, оқу сабақтарының кесте бойынша орындалу барысына бақылау жасау.

## **6. ЕРЕЖЕНІ ҚАБЫЛДАУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ**

Университеттің Оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже университеттің Ғылыми кеңесі шешімінің негізінде бекітіледі.

Аталған ережеге өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар ОӘБ қызметкерлерімен, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректормен, ректормен және Ғылыми кеңестің мүшелерімен университеттің Ғылыми кеңесіне қарастырылу үшін енгізіледі. Аталған ереже университеттің оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметіне әсер ететін нормативтік-құқықтық актілердің өзгеруі нәтижесінде өзгерілуі немесе түзетуге түсуі мүмкін.

Өзгерістер қарастыру және енгізу және толықтыру тәртібі университеттің Ғылыми кеңесі жұмысының регламентімен анықталады.









